

Кербұлақ ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне, денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлерге және әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарының мамандарына, отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 20 шілдедегі N 22-157 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 19 тамызда N 2-13-99 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 26-188 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 23.12.2009 N 26-188 шешімімен. Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Кербұлақ аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кербұлақ ауданының ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне, денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлерге және әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарының мамандарына, отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын қадағалау аудандық мәслихатының тұрақты комиссиясының төрағасы Қ. Ж. Борманбековке және аудан әкімінің бірінші орынбасары Б. С. Исабековке жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының
сессия төрағасы
Кербұлақ аудандық
мәслихатының хатшысы

Куаныш Жарманбекұлы Борманбеков
Есенбай Әбдірахманұлы Сұраншынов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК